

"Жер салығының ставкалары туралы" Сайрам аудандық мәслихатының 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 3-27/III шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихат сессиясының 2009 жылғы 27 қаңтардағы N 14-170/IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 ақпанда N 14-10-109 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2013 жылғы 1 ақпандағы № 31 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 01.02.2013 № 31 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 387-бабына сәйкес, Сайрам аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Жер салығының ставкалары туралы" Сайрам аудандық мәслихатының 2004 жылғы 23 қаңтардағы N 3-27/III (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1090 тіркелген, 2006 жылғы 18 ақпандағы "Мәртөбе" газетінің N 3 жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген шешімнің кіріспе бөлімінде (преамбула):

"Қазақстан Республикасының 12.06.2001 ж. N 209 "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) деген сөздер "Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а ғ ы :

"329" деген сандар "378" деген сандармен ауыстырылсын;

"330" деген сандар "379" деген сандармен ауыстырылсын;

"332" деген сандар "381" деген сандармен ауыстырылсын;

"334" деген сандар "383" деген сандармен ауыстырылсын;

"338" деген сандар "387" деген сандармен ауыстырылсын; 2-

т а р м а қ т а ғ ы :

"337 бабының 1,2 тармақтарына" деген сөздер 386-бабының 1-тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"332" деген сандар "381" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

М. Оспанбеков

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Т. Төлендиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК